

**«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесі**



## **«Жеті Қазына»**

**жеке бөбекжай балабақшасы мекемесінде**

**2021-2022 оқу жылында атқарылған**

**оқу-тәрбие жұмысының жылдық есебі**

## Балабақшаның визиткалық карточкасы

Балабақшаның толық атауы	«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесі
Ашылған жылы	2009 жылы
Орналасқан жері	Қызылорда қаласы, Арай шағын ауданы, Төлеген Айбергенов көшесі, №2 үй
Байланыс құралдары	Жұмыс орны телефоны: 23-24-17 Электронды почтасы: <a href="mailto:zhetikazyna.sadik@mail.ru">zhetikazyna.sadik@mail.ru</a> Пошталық индексі 120003
Салынған жобасы	Біңғайластырылған
Мемлекеттік лицензиясының нөмірі	Серия АБ №0129629 21.01.2009ж
БИН(БСН)	081140003321 10.11.2008ж Сериясы 33 N 0006397
Құрылтайшысы	Тлегенова Гульнара Болатовна
Өкілетті орган	Қызылорда қалалық білім беру бөлімі
Куәлік нөмірі	2362-1933-01-МЕ
Жұмыс уақыты	10,5 сағаттық
Сыйымдылығы	215 орын
Бала саны	215 бала
Топ саны	9
Арнайы мамандарға арналған тәрбие мен оқыту кабинеттері	Музыка залы, дене шынықтыру залы – біріктірілген. Логопед, шахмат, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің жеке кабинеттері
Қолданылатын педагогикалық бағдарламалар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
Қолданыстағы инновациялық технологиялар	Денсаулық сақтау технологиясы Зерттеу іс-әрекеті «Ойын» технологиясы «Триз» технологиясы «Step by step» технологиясы т.б.

## Балабақшаның материалдық базасы

Балабақшаның орналасқан жері	Балабақша ғимараты қашан берілген	Балабақша жобасы	Неше қабатты	Бала саны	Топ саны	Бала саны	Су, жылу, кәріз жүйелері	Су, жылу өлшегіш
Қазақстан, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Арай шағын ауданы, Төлеген Айбергенов көшесі, №2 үй  Пошталық индексі 120003	2008 жыл	Типтік емес	2	215	9	215	Орталық-тандырылған	Бар

## Топ толымдылығы

р/с	Топтың атауы	Бала саны
1	Ортаңғы «Жалын» тобы	25
2	Ортаңғы «Құлыншақ» тобы	25
3	Ортаңғы «Ақбұлақ» тобы	25
4	Ересек «Аққайың» тобы	25
5	Ересек «Айгөлек» тобы	25
6	Мектепалды даярлық «Жұлдыз» тобы	25
7	Мектепалды даярлық «Болашақ» тобы	20
8	Мектепалды даярлық «Бәйтерек» тобы	25
9	Мектепалды даярлық «Күншуақ» тобы	20

## **«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесінің 2021- 2022 оқу жылындағы негізгі мақсат-міндеттері**

### ***Мақсаты:***

1. Қашықтықтан білім беру үдерісін жүйелі жүргізу
2. Кезекші топтардың жұмыс істеу кезінде карантиндік шектеу шаралары бойынша талаптарды сақтау.
3. Білім беру салалары бойынша ұйымдастырылатын оқу қызметтеріне ойын арқылы оқыту әдісін кеңінен қолдануды енгізу.

### ***Міндеттері:***

- 1) 2021-2022 оқу жылы барысында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы қаулыларды басшылыққа алып жұмыс жасау
- 2) IT-технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану дағдыларын меңгеру;
- 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жанты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының мазмұнын меңгеруде ойын арқылы оқыту қағидатын қамтамасыз етеді.

### ***Күтілетін нәтиже:***

1. Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау қамтамасыз етіледі.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Балалар жан-жанты дамиды, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытады.
3. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдай тұрақты жақсарған кезде санитариялық талаптарды сақтай отырып, мектепке дейінгі ұйымның штаттық режимде жұмыс істеуге біртіндеп көшуі жүзеге асырылады.

## **«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесінің 2021- 2022оқу жылындағы жұмысы туралы қысқаша мәлімет**

«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесінің

2021- 2022 оқу жылында қыркүйек айында кезекші топтарда жұмыс ұйымдастырды, ал қазан айынан бастап негізгі 9 топ бойынша дәстүрлі форматтағы жұмысқа көшті. Оқу жылы барысында топтар толымдылығы толық болды. 9 топ 205 баламен жұмыс жүргізілді. Сәуір айынан бастап мемлекет тарапынан қосымша 10 балаға қаражатқа қолдау көрсетіліп, жалпы бала саны балабақша бойынша 215 баланы құрады. Негізгі 9 топ балаларымен 2021-2022 оқу жылының жоспарына сай барлық жұмыстар толық атқарылды. Ертеңгіліктер, атаулы күндер барлығы топ тәрбиешілерінің назарынан тыс қалмады. Барлығы толық атқарылды.

Жыл бойына барлық топ балалары арасынан республикалық онлайн, қалалық офлайн байқауларға қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. Атап айтсақ, «Бас киімдер шеруі» қалалық байқауына «Болашақ» МАД тобының тәрбиеленушісі Болатова Айзере қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді. Жетекшілері Жолдыбаева Гүлжазира мен Қожабек Айдана. «Мен зерттеушімін» қалалық байқауына МАД тобының 4 баласы қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді. Жетекшісі Ордабаева Гүлназ. Дәстүрден тыс сурет салу қалалық байқауына Қожабек Айдана балалар жұмысын жолдап, жүлделі ІІІ орын иеленді. Халықаралық ҮРКЕР Тілашар байқауынан «Ақбұлақ» ортаңғы тобы мен «Жұлдыз» МАД тобынан балалар қатысып, жүлделі І, ІІ, ІІІ орындармен иеленді. Топ тәрбиешілері Мырзабаева Күнімкүл, Дүйсева Марал. Сонымен қатар «Әрбір бала бір жұлдыз» байқауына Фархадқызы Рабияны қатыстырып, жақсы нәтиже көрсеті. Жетекшілері логопед Даубаева Айнұр мен хореограф Әжібекова Балым, тәрбиешісі Сарсенбаева Гүлназ. Сонымен қатар патриоттық әндер «Дала сазы» республикалық онлайн байқауынан «Болашақ» тобының «Балауса» вокалы жүлделі І орын иеленді. Жетекшілері Жолдыбаева Гүлжазира мен Еспенбетова Ақзира. «Болашақ» тобының балалары «Мен Тәуелсіз ел ұланы» қалалық театрланған қойылымдар байқауынан жүлделі ІІ орын иеленді. Жетекшілері Жолдыбаева Гүлжазира мен Еспенбетова Ақзира. «Болашақ» тобының балалары «Тұғыры биік Тәуелсіздік» қалалық патриоттық ән байқауынан жүлделі ІІ орын иеленді. Жетекшілері Жолдыбаева Гүлжазира мен Еспенбетова Ақзира.

«Жұлдыз» МАД тобының тәрбиеленушісі Назарбекова Азия Тараз қаласында өткен би өнері байқауынан жүлделі ІІ орын иеленіп келді. Пән мұғалімі Әжібекова Балымның да үлесі бар деп есептелінеді. Болгария елінде өткен халықаралық «Black sea breeze» ән байқауына қатысқан «Құлыншак» ортаңғы тобының тәрбиеленушісі Нұраддин Айбибі жүлделі ІІ орын иеленді. Жетекшісі Дүйсен Сандуғаш пен Еспенбетова Ақзира. Жетекші педагогтар да сайыс ұйымдастырушылар тарапынан арнайы марапатқа ие болды.

«Инновациялық идеялар жәрмеңкесі» атты қалалық көрмеге Түкібай Толқын мен Қожабек Айдана қатысып, көрме жасап, жаңаша ойын түрлерін демонстрациялап, жұмысын қорғап қайтты.

Жалпы алғанда оқу жылы барысында жұмыс жасаған пән мұғалімдері мен тәрбиешілеріміз өте жақсы, жоғары деңгейде жұмыстарын көрсете білді. Оның айғағы zhetikazina\_balabaksha Instagram парақшасында жарияланып, ата-аналар назарына ұсынылып отырды.

Биылғы оқу жылындағы жас мамандарымыз Сыдықова Наргиза, Жаңатай Сандуғаш, Қожабек Айдана, Дүйсен Сандуғаш, Жолдыбаева Гүлжазира сынды педагогтарымыз оқу жылын абыроймен алып шықты. Балаларының да, ата-аналарының да зор ықыласына бөленді.

Биылғы жылдың жақсы жетістіктерінің бірі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталғандар Т.Түкібай, Г.Аманбаева, Г.Жолдыбаева, сонымен қатар 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай қалалық білім бөлімінің Алғысымен марапатталғандар Ш.Тиынбаева, А.Талпақова, Г.Сарсенбаева, Г.Ордабаева, Н.Сыдықова, Б.Әжібекова, А.Қожабек, Н.Беисова. Облыстық білім басқармасынан Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Құрмет грамотасымен және НұрОтан партиясының Алғысымен Сарсенбаева Гүлназ марапатталды. Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Нұртайдың алғысымен Мырзабаева Күнімкүл марапатталды.

Сонымен қатар Көкшетау қаласында 25 ақпан күні өткен республикалық съездге балабақшамыздан Г.Тлегенова, Т.Түкібай барып, қатысушылар қатарынан табылды. Жаңалықтармен танысып, алған мол мағлұматтарымен бөлісті.

Педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру курстары бойынша «Жаңартылған Step by step тәсілдерінің мазмұны бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда демократиялық білім беру топтарын құру» тақырыбында 72 а.с.

Ж.Абдиева, М.Дүйсеева, Г.Ордабаева, Г.Сарсенбаева, Д.Калабаева, С.Жаңатай, Н.Семиникина, А.Қаниқызы, Т.Түкібай, Г.Тлегенова, Ш.Тиынбаевалар курстан өтіп, сертификат алды. Осы тақырыпта Қызылорда қаласында 19-20 мамырда өткен республикалық конференцияға балабақшамыздан Т.Түкібай, Г.Сарсенбаевалар қатысып, мол тәжірибе алмасты.

Биылғы оқу жылында біліктілік санаттарын бірқатар педагогтар көтерді. Ш.Тиынбаева педагог-сарапшы, Т.Түкібай, А.Қаниқызы, Н.Беисова, А.Қожабек, Б.Әжібекова, Г.Сарсенбаева, Г.Жолдыбаева, С.Дүйсендер педагог-модератор санатына өтті.

Жыл бойы балабақшамыздың базасында сапалы педагогтар құрамымен мазмұнды жұмыстар жүргізілді.

*Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарының бағыттары:*

**I. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру**

**II. Кадрлармен жұмыс**

**III. Білім беру процесін ұйымдастыру**

**IV. Әлеуметтік жұмыс**

**V. Бақылау мен басшылық**



## *I. Салауатты өмір салтын қалыптастыру*





## II. Кадрлармен жұмыс

2021-2022 оқу жылында кадрлармен жоспарланған жұмыстар толық атқарылды. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді. Шығармашылық топ өз көмегін дер кезінде беріп отырды. Әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, кластердегі әдістемелік бірлестіктер, әлеуметтік бірлестіктер жұмыс, яғни отбасымен өзара ықпалдастық жұмыстары жоспарға сай атқарылды.

*«Step by step» технологиясы бойынша республикалық конференцияда*



# Республикалық съезде





## Қалалық №4 аймақтық әдістемелік бірлестік күні. Семнар.



**Мекен-жайымыз:**  
Арай шағын мөлтек ауданы  
Төлеген Айбергенов көшесі №2  
**Жұмыс телефоны:** 23-24-17  
[zhetikazyna.sadik@mail.ru](mailto:zhetikazyna.sadik@mail.ru)  
**Instagram:**  
[zhetikazina\\_balabaksha](https://www.instagram.com/zhetikazina_balabaksha)

## «Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы



Әдістемелік күн  
(онлайн форматта)

Қызылорда қаласы, 2021 жыл

### «Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы

**Ашылған жылы:** 01.04.2009ж.

**Топ саны:** 9 топ

**Орын саны, жоба қуаттылығы:** 205 бала

#### ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСБИ ДЕҢГЕЙІ:

Қазіргі таңда балабақшамызда 25 педагог маман жұмыс жасайды. Олардың қатарында жоғары санатты – 1, бірінші санатты – 1, екінші санатты – 2 және педагог-зерттеуші - 2, педагог-сарапшы - 2, педагог-модератор - 10 педагог қызметкерлер бар.

#### Балабақшада жұмыс жасайтын үйірмелер:

«Сиқырлы тақта» шахмат үйірмесі  
«Шебер қолдар» қолөнер үйірмесі  
«Speak English» ағылшын тілі үйірмесі  
«Сиқырлы саусақтар» дәстүрден тыс бейнелеу өнері үйірмесі  
«Самұрық» хореография би үйірмесі

#### Балабақшада пәндер, үйірмелер бойынша жұмыс жасайтын арнайы мамандар:

Логопед, орыс тілі мұғалімі, ағылшын тілі мұғалімі, дене шынықтыру нұсқаушысы, бейнелеу өнері пәні мұғалімі, шахмат пәні мұғалімі, музыкант, хореограф.

**Әдістемелік күннің тақырыбы:** «Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері. Логопед «Логобусы» әдісі арқылы дыбыстарды буында, сөзде, сөйлемде машықтандыру».

**Әдістемелік күннің мақсаты:** Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту. Коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, логикалық ойлауды қалыптастыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру. Балаларды ойын арқылы дамыту.

Уақыты	Іс-шара мазмұны	Жауапты
9.20-9.25	<b>Қатысушыларды тіркеу</b>	Әдіскер Гүлбай Г.Н.
9.25-9.30	<b>Әдістемелік күннің ашылуы.</b> №4 аймақтық әдістемелік бірлестік жетекшісі <b>Ерназарова З.Ш</b>	Меңгеруші Тыныбаева Ш.А.
9.30-9.55	<b>«Сиқырлы тақта» шахмат үйірмесінің жұмысы.</b> <b>Тақырыбы: «Шахмат әлеміндегі фигуралар» «Жұлдыз» МАД тобы</b>	Үйірме жетекшісі: Алиева Айгүл Абильдақызы
9.55-10.15	<b>Логопедиядан ұйымдастырылған оқу қызметі</b> <b>Тақырыбы: ««Ш» дыбысы мен әрпі» «Аққайың» ересек тобы</b>	Логопед: Даубаева Айнұр Өмірханқызы
10.15-10.20	<b>Көрме: «Үйірме жетекшілерінің шығармашылығы»</b>	Үйірме жетекшілері
10.20-10.45	<b>«Speak English» ағылшын тілі үйірмесінің жұмысы.</b> <b>Тақырыбы: «Magic shapes» «Күншуақ» МАД тобы</b>	Үйірме жетекшісі: Бейсова Нұрғұл Батырбекқызы
10.45-11.10	<b>«Сиқырлы саусақтар» дәстүрден тыс бейнелеу өнері үйірмесінің жұмысы. Тақырыбы: «Күз мезгілі» «Болашақ» МАД тобы</b>	Үйірме жетекшісі: Қожабек Айдана Қожабекқызы
11.10-11.35	<b>«Самұрық» хореография би үйірмесінің жұмысы</b> <b>Тақырыбы: «ҚР-ның Тәуелсіздік күніне 30 жыл» «Бәйтерек» МАД тобы</b>	Хореограф: Әжібекова Балым Иманбайқызы
11.35-12.00	<b>Әдістемелік күнді қорытындылау</b>	Қатысушылар







## Педагогтар шығармашылығы.Көрме





**Тамақтан уланудың алдын алу бойынша СЭС мамандарының семинары.**





## Балабақша базасында өткен қалалық педагогтардың біліктіліктерін артыру курсы



### III. Білім беру процесін ұйымдастыру

Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау. Жолда жүру ережесі. Өрттің алдын алу.





**АШЫҚ КӨРСЕТІЛІМДЕР. АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ СӘТТЕРІНЕН. АШЫҚ КӨРСЕТІЛІМДЕР. ЕРТЕҢГІЛІКТЕР.**













# БҮЛДІРШІНДЕРІМІЗДІҢ БАЙҚАУЛАРҒА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕН. ПЕДАГОГТАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ.







**IV. Әлеуметтік жұмыс**  
**Ата-аналармен өзара ықпалдастық**

**Ауланы көгалдандыруға ата-аналардың қатысуы**  
**АЛТЫН КУЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАП ДАЙЫНДАҒАН АТА-АНАЛАР КӨРМЕСІ**

